

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№2 (115)

ЖҰМА

17 қаңтар 2025 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ



ҰЛЫТАУ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов пен бір топ депутат Ұлытау облысына жұмыс сапары аясында Жезқазған және Сәтбаев қалаларының тұрғындарымен кездесті. Сапар аясында Ерлан Қошанов Сәтбаев қаласындағы №1 жылу стансасының жұмысымен танысып, еңбек ұжымымен және қала жұртшылығымен кездесіп, олармен экология және «қара қар» мәселелерін талқылады.

2-бетте

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

ҚАРАҒАНДЫ – ЖЕЗҚАЗҒАН ЖОЛЫНА ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ

Үкімет Қарағанды – Жезқазған аралығындағы автомобиль жолын жетілдіріп, қайтадан салу жобасын 2025 жылы бастауды жоспарлағанымен қаржы мәселесі нақты тиянақтала қоймаған еді. Жақында жол құрылысын қаржыландырудың ойдағыдай шешілгені туралы қуанышты хабар жария болды. Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі бұл маңызды жобаға 650 млн. доллар қаржы бөлу жөніндегі келісімді бекітті деп хабарлады банкінің баспасөз қызметі.

Қарағанды – Жезқазған аралығындағы жолдың 498 шақырымын жаңарту жобасының жалпы бюджеті 1,53 млрд. доллар ретінде нақтылануда. Бұл қаржыны Азия банкі мен Қазақстандағы Дүниежүзілік банк арқылы бөлу жоспарланып отыр. Дамушы және өтпелі

экономикасы бар елдер үшін ірі қаржы қоры саналатын әлемдік банкілер бұл учаскені қаржыландыруды Транскаспий халықаралық көлік бағыты ретінде қарастыруда. Өйткені, қос қаланың арасындағы орталық дәліз саналатын автожолды бұдан әрі қарай Азия мен

Еуропаны жалғастыратын Орталық Азиядағы өзекті сауда бағытына айналдыру көзделуде.

Қазіргі қолданыстағы үшінші дәрежедегі Қарағанды – Жезқазған жолы толық жаңартылғанда екі бағыттағы, төрт жолақты бірінші дә-

режелі автомагистральға айналады. Халықаралық барлық стандарттар деңгейінде болуға тиіс жол құрылысы облыс аймағындағы климаттық өзгерістерге бейімділік және қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарына сай салынатын болады. Сонымен қатар, халықаралық автомагистральға жауапты ұлттық оператор – «ҚазАвтоЖол» компаниясына да қажетті институциональдық қолдау көрсетіледі.

Нығман РАХЫМ

АЙМАҚТАР

ҰЛЫТАУ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Мәжіліс спикері атап өткендей, Сәтбаевтағы экологиялық мәселелердің басты себебі – көмір сапасы мен жылу электр стансасындағы филтрлердің нашар жұмыс істеуі. Сондай-ақ ол Мемлекет басшысының бұл жағдайдан хабардар екенін және қаланың экологиясын ластаудың жүйелі себептерін жою үшін кешенді тексеру жүргізуді тапсырғанын атап өтті. Е.Қошанов облыс әкімдігі мен «Қазақмыс» компаниясының өкілдеріне жағдайды жақсарту және экологиялық проблемаларды, соның ішінде Сәтбаевтағы жылу электр стансасын газға көшіру бойынша кешенді шараларды шұғыл түрде қабылдау туралы талап қойды.

– Ескі филтрлер сапасыз көмірден шыққан күл қалдықтарын ұстап тұруға шамасы жетпей отыр. Бұл қала экологиясына және тұрғындардың денсаулығына кері әсер етіп жатыр. Мұндай мәселені қысқа мерзімде шешу мүмкін емес екені түсінікті. Бірақ қазір барлық себепті толық анықтап, келесі жылы-

ту маусымына дейін нақты шаралар қабылдауымыз қажет. Кәсіпорын басшылығы, Энергетика министрлігі және әкімдік бұл мәселені бірлесіп, уақыт содзырмай шешуге тиіс. «Қара қар» сияқты келеңсіз құбылыстардан түбегейлі арылуға бар күшімізді салуымыз қажет. Өз кезегінде Мәжіліс депутаттары жағдайды бақылауда ұстайды, – деді Мәжіліс төрағасы.

Кездесу қорытындысы бойынша облыс әкімдігі мен «Қазақмыс» компаниясының басшылығы келесі жылы ту маусымына дейін Сәтбаев жылу стансасының тазарту жүйелерін жаңғырту бойынша барлық жоспарланған жұмысты аяқтауға міндеттеме алды. Іс-шараға қатысқан Энергетика министрлігінің өкілдері Ұлытау облысында жылу электр стансасын жаңғыртуда «инвестиция орнына тариф» тәсілі арқылы қолдау көрсетуге дайын екенін хабарлады.

Сондай-ақ Мәжіліс спикері халықты жылумен үздіксіз қамтамасыз ету кейінгі жылдардағы ең маңызды мәселенің бірі екеніне назар аударды. Инженерлік инфрақұрылымның жағдайы – Мемле-



кет басшысының ұдайы бақылауында. Елдегі тозығы жеткен қазандықтарды, инженерлік-коммуналдық желілерді жаппай жаңғырту жұмыстары еш пафоссыз және көзбояушылықсыз жүріп жатыр. Ол туралы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында айтты.

Мәжіліс депутаттары Жезқазған қаласындағы гидроцехтағы жұмыс барысымен де танысты. Ерлан Қошанов атап өткендей, Жезқазғанды ауызсумен қамтамасыз ету әлі күнге дейін ең өзекті мәселенің бірі болып отыр. 2021 жылы Мемлекет басшысы бұл түйткілді шешуді тапсырған еді. Қазіргі уақытқа дейін бірқатар шаруа атқарылғанымен, әлі де көптеген мәселе бар.

– Жезқазған тұрғындары сапалы ауызсуға мүмкіндігінше тезірек қол жеткізуі керек. Ол халықтың денсаулығы мен өңірдегі ахуалға тікелей әсер етеді. Бұл – барлық тараптың, министрліктер мен әкімдіктің ортақ міндеті. Өз кезегінде депутаттар да осы жұмысқа белсене атсалысуға дайын, – деді Е.Қошанов.

Палата спикері Жезқазғанды ауызсумен қамтамасыз ету мәселесін же-

расты су көздерін пайдалану арқылы екі су құбыры – Есқұла және Үйтас-Айдос су жүйелері есебінен шешу жоспарланып отырғанын атап өтті. Бүгінгі таңда қажетті жобалық құжаттардың бәрі әзірленіп, нақты жұмыс көлемі белгіленген, бастапқы қаржы бөлінген. Кездесу барысында Су ресурстары және ирригация министрлігі мен облыс басшылығы өкілдерінің қатысуымен барлық мәселе жан-жақты талқыланды. Кездесу қорытындысы бойынша Мәжіліс төрағасы 2025 жылы барлық мәселені шешуге және Жезқазғанды ауызсумен қамтамасыз етуге бағытталған нақты қадамдар жасалуға тиіс екенін ерекше атап өтті.

Сапар барысында депутаттар Сәтбаев қаласындағы Оқушылар сарайының жұмысымен танысып, Жезқазғанда салынып жатқан денешынықтыру-сауықтыру кешенінде облыс белсенділерімен, сондай-ақ Жезқазған жұртшылығымен кездесті.

«Egemen Qazaqstan»,
14.01.2025.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

ҚАНДАЙ ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛМЕЙДІ?

Қала әкімі Мұрат Бөрібаевтың төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте қаладағы автомобиль жолдары туралы да мәселе қаралды. «Сәтбаев қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ басшысының міндетін атқарушы Теміржан Жамауов қала жолдарының қазіргі жай-күйі және алдағы жоспарлар туралы баяндады.

Қалада жалпы ұзындығы 91 шақырымды құрайтын 100 көше бар. Ал, олардың қандай күйде екенін көпшілік жақсы біледі. Қала басшылығы биылғы жылы 1 көшені күрделі және 8 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр. Күрделі жөндеу жүргізілетін Абай көшесінде қала көшелерінен жоғалып кеткен суағар пайда болады әрі көшенің ені 1,5-2 метрге шейін кеңейеді. Бұл естіген құлаққа қандай жақсы болса, көрген көзіміз сондай сүйінетін болады-ау деп үміттенеміз.


Ал, орташа жөндеу жоспарланған көшелер қайсы? Бұлар – Ұлытау көшесінен № 1 жылу станциясына де-

йінгі өндірістік аймаққа барар автожол, Мұсылман және православлық зираттарға апаратын жол. Горький көшесі (Ерден көшесінен Бұлқышев көшесіне дейін), Садық Асатов көшесі (Ерден көшесінен Наурыз көшесіне дейін), Мұхтар Әуезов көшесі (Ерден көшесінен Наурыз көшесіне дейін), Байқоңыров көшесі (Ерден көшесінен Сәтбаев даңғылына дейін), Бокин көшесі (Алаш көшесінен аяғына дейін), Мұса Жалил көшесі (Ерден көшесінен Бұлқышев көшесіне дейін). Бұл тізімнен өз көшелерін көре алмаған тұрғындар тарапынан «біздің көше қайда?» дейтін сұрақ туындауы мүмкін.

–Біз жолдардың жағдайын жақсы білеміз. Ендеше, жағдайының нашарлығына қарамастан кейбір көше жолдарын жөндеу неге жоспарланбайды? Өйткені, сол аумақтарда Сәтбаев жылумен-сумен қамту кәсіпорны алдағы уақытта жылу, су жүйелерін жаңалау мақсатында ауқымды шаралар жүргізетін болады. Яғни, бүгін жолды жөндеп, ертең оны қайта қазып жатудың реті жоқ. Сондықтан да, тұрғындардың бұл жағдайға да түсіністікпен қарауын өтінеміз – деді қала әкімі Мұрат Бөрібаев.

Осындай нақты берілген жауапқа басқа не қосып айтуға болады?

А.ДАСТАНОВ



ПРЕДСЕДАТЕЛЬ МАЖИЛИСА ЕРЛАН КОШАНОВ И ГРУППА ДЕПУТАТОВ В ХОДЕ РАБОЧЕЙ ПОЕЗДКИ В ОБЛАСТЬ УЛЫТАУ ОЗНАКОМИЛИСЬ С РАБОТОЙ ТЕПЛОВОЙ СТАНЦИИ №1 ГОРОДА САТПАЕВ, ВСТРЕТИЛИСЬ С КОЛЛЕКТИВОМ ПРЕДПРИЯТИЯ И ОБСУДИЛИ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ ГОРОДА ПРОБЛЕМЫ ЭКОЛОГИИ И «ЧЕРНОГО СНЕГА».

ПРИЧИНЫ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ПРОБЛЕМЫ

Как заявил спикер Мажилиса, главные причины экологической проблемы в Сатпаеве – низкое качество угля и плохая работа фильтров. Он также отметил, что Глава государства знает о ситуации и поручил провести комплексную проверку для устранения системных причин загрязнения экологии города. Кошанов обратился к акимату области и представителям компании «Казахмыс» с требованием оперативно принять системные меры, в том числе в части перевода тепловой станции Сатпаева на газ.

«Старые фильтры, которые сегодня установлены здесь, не способны улавливать отходы от некачественного угля. Это негативно влияет на экологию города, здоровье населения. Понятно, что такую проблему не решить в короткий срок, но сейчас надо выяснить до конца все причины и до следующего отопительного сезона принять конкретные меры. И руководство предприятия, и Минэнерго, и акимат должны решать проблему совместно, не затягивая. «Черный снег» навсегда должен уйти в прошлое. Со своей стороны депутаты будут всецело содействовать решению данного вопроса», – сказал председатель Мажилиса.

По итогам встречи руководство акимата области и компании «Казахмыс» взяло на себя обязательства завершить все запланированные работы по модернизации очистных систем тепловой станции Сатпаева до следующего отопительного сезона.

МОДЕРНИЗАЦИЯ КОТЕЛЬНЫХ

Присутствующие на встрече представители Министерства энергетики проинформировали о том, что готовы поддержать область Улытау в модернизации тепловой станции через инструменты «тариф в обмен на инвестиции».



► Ерлан КОШАНОВ:

«ЧЕРНЫЙ СНЕГ» В САТПАЕВЕ ДОЛЖЕН НАВСЕГДА УЙТИ В ПРОШЛОЕ



Кошанов также напомнил, что вопрос бесперебойного обеспечения населения теплом остается одним из самых важных в последние годы. Состояние инженерной инфраструктуры находится на постоянном контроле Главы государства, без громких отчетов и пафоса по всей стране идет масштабная модернизация ответственных котельных, инженерно-коммунальных сетей, о чем Касым-Жомарт Токаев рассказал в недавнем интервью газете «Ана тілі».

Мажилисмены также ознакомились с ходом работ на гидроцехе в городе Жезказган.

Кроме этого, депутаты посетили Дворец школьников в городе Сатпаеве, осмотрели строительство физкультурно-оздоровительного комплекса в областном центре, а также встретились с общественностью Жезказгана.

mazhilis.parlam.kz

ЖЫЛУ ҚАНДАЙ ТӨЛЕМІ ДЕ СОНДАЙ

Биылғы жылғы қысқы жылу беру маусымы ойдағыдай өтіп жатыр. Қазандықтың түтініне өкпе артсақ та, бұған да кейде үйіміз жылы болғасын кешіріммен қарап, түсіністек танытып та жатырмыз.

Қала әкімдігі биыл көпқабатты тұрғын үйлерге жылу есептегіш құрылғыларын орнатуды қолға алды. Қазір қала бойынша 300-ге жуық көпқабатты үйлерге орнатылған мұндай құрылғылардың тиімділігі неде?

– Бұл ең алдымен тұрғындар үшін тиімді. Өйткені, құрылғылар үйге келген жылудың нақты мөлшерін көрсетіп тұрады. Сондықтан, жылуақы да соған сәйкес төленеді. Өкінішке орай, кейбір тұрғындар тарапынан жаңашылдыққа жаулық

жасап жатқандар да бар. Айталық, Шаталюк көшесіндегі орнатылған құрылғыны зақымдау фактісі анықталды. Ол тиісті жазасын тартатын болады – дейді Сәтбаев жылумен-сумен қамту мекемесінің директоры Ержан Тоқымбаев.

Алдағы уақытта вандализмнің алдын алу мақсатында СЖСЖК, тұрғын үй инспекциясы және пәтер иелерінің кооперативі және МИБ-термен үш жақты меморандум жасалатын болады. Шынында да, ортақ дүниені бәріміз бірге көздің қарашығындай сақтай білгеніміз абзал.

А. НҰРТАУҰЛЫ

ТАРИХ ТОЛҚЫНДАРЫ

ЕКІ МӘРТЕ ҚАЙТАЛАНҒАН
«16 ЖЕЛТОҚСАН»

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

(Жалғасы. Басы газетеміздің №42 (111), №1 сандарында)

«Казправдаға» «О.Сүлейменов Орталық Комитеттің басын қашанғы айналдырады?», – деген редакциялық мақала басылғанда, Димаш Ахметұлы: «Демек, олар сіздің ұсталуыңыз үшін қоғамдық пікір дайындап жа тыр. Тез арада Мәскеуге кетіңіз», – деді.

1951 жылдың оқиғасы қайталанды. Ол кезде Әуезов пен Сәтпаев Мәскеуді пана тұтқан еді. (1987 жылдың наурыз айы. 1937-ден кейін арада елу жыл. «Мерей-той».)

Мен Мәскеуге ұштым. Сәтпаев өзін елдің ең үздік геологы деп таныған КСРО Ғылым Академиясын па налаған. Әуезов әуежайдан бірден Александр Фадеевтікіне тартқан. Ол қасына Тихоновты қосып алып, үшеуі Ескі алаңға, үлкен кабинетке барған. Мұхтарды қуғынға ұшыратқан «Қазақ халық ертегілері» кітабының профессор Седельников (ол кейін Әдебиет институтында ежелгі орыс әдебиетінен дәріс оқыды) тәржімалаған нұсқасын апарады. Кітап ең үздік баспа – «Художественная литературадан» жарық көрген. Қазақстандық газеттер мен «Коммунист Казахстана» журналында көреалмаушылар ұйымдастырған жалған мақалалар жарық көріп жатты. Онда Әуезовті қыз ғанатындар ұлтшыл, хандар мен байларды мадақтап жүр деп айыптады.

Ақыры, Әуезов Мәскеуде ММУ-де дәріс беру үшін қалдырылды. Сәтпаев те ол жерде жұмыссыз жатпады.

Мәскеуде бір ай болдым. Юлиан Семенов мені Набережнийдағы пәтерінде мантимен тамақтандырды. «Өзбекстан» мейрамханасынан жеткізілген шикі мантиларды ол түшпәре секілді үлкен кастрөлге қайна татын. ОК-тің мәдениет және идеология жөніндегі хатшысы Александр Николаевич Яковлевпен кездестім. Біздің арамызда бірнеше жылға созылған достық қарым-қатынас бірден орнады. Сол күндері кездес тір ген ағайындардың бәрі менің кітаптарымды оқыпты. Олардың арасындағы тым жастары қазір – белсенді саясаткерлер мен кәсіпкерлер.

Сондай кездесудің бірінде Александр Николаевич:

– Менің алматылық әріптесім, сенің әлгі «орман отаушы» қарсыласың енді, қатты сүрінді. Салықтарын төлемепті. Туған партиясын үптеген. КГБ-дан ауыс қанда, генералдық зейнетақыдан жарна төлеуді тоқтатқан. Тек Орталық Комитеттің жалақысынан ғана төлеп тұрыпты. Үш жыл бойы сөйткен, бұл – өте көп уақыт. Заң бойынша, өзің де білесің, үш ай төлемегені үшін партиядан шығарып жіберуге болады. Және кімді? ОК хатшысын ба?! Ботқа жасады ғой. Енді қай теміз? – деді де, жанында отырған КГБ-ның үлкен генералына қарата сөйледі. – Жігітке обал, ортақ әріптес. Маған да, саған да. Мүмкін қазақтарда шиеленген түйіндерді шешудің халықтық жолдары бар шығар?

– Бар, – дедім, – дала жолдары тау, жоталардың арасымен өтеді. Кейде таудан дәу тас төмен домалайды. Ол жүруге кедергі жасайды. Тастарды түсіріп жіберетін ой-шұқыр таппайсың. Сондықтан жүргізуші тасты жақын тұрған жотаға барынша күшеніп, қуысқа тығып жібереді. Болды. Сөйтіп жол қайта ашылады.

– Сонда шұқырға түсірмей, жотаға

көтерілу керек пе? Шығыс, шынымен де өте нәзік нәрсе екен. Сен дердікіндей қиналуға тура келеді.

1987 жылдың мамырында мен Алматыға қайттым. ОК Бюросы мені Жазушылар одағын басқаруға қалдырды.

Мәскеумен Юлиан Семенов арқылы хабарласып тұрдым. Ол Юрий Пискуновтың телефонымен ре жиссердің үйіне сағат қаншада келетінімен де хабардар. Өзара келісіп, ешкімнің атын атамай, сөйлесіп тұратын. Біз бір бірімізді екіұшты сөзбен ұғыса тынбыз.

Қонаевтың ізіне қуғын түсіп, нысанаға алынды. 1987 жылдың маусымында өткен КОКП ОК Пленумында оны Саяси Бюроның құрамынан шығарды.

Геннадий Толмачев екеуміз Димаш Ахметұлын әуежайдан күтіп алдық. Бос әрі ыстық әуежайда тұрған Ту-34 ұшағына трапты әкелгенде бізде жақын дадық.

– Олжас, бізді суретке түсіріп жатыр, – деді Геннадий сыбырлап.

– Түсірсе, түсірсін. Димекенді түсіріп алды. Оны бізден басқа ешкім күтіп алмайды.

Жоқ, траптың жанына қара «Волга» сырғып келіп тоқтады. Ішінен екі күтіп алушы шықты. Солардың бірі маған «Буревестникте» ойнаған Аман секілді көрінді. Димаш Ахметұлы траптан бірінші болып түсті. Біз төс қағыстырып амандастық.

– «Орман отаушы» пленумда Желтоқсандағы жастарды көтерген сіз – екеуміз деді, – деп, Димекен ақырын ғана күбірледі. – Сақ болыңыздар.

Біз оны көлікке отырғыздық та, өзіміздікіне бет тедік.

V

Әйтеуір бір күні мен Кремль билігі мен бүтін КСРО ғимаратының астына білінбейтін бомба қойған 1987-ші жылғы шілде пленумы жайлы толығырақ айтарым анық. Саяси Бюродағы босап қалған орындарға Мәскеу қалалық комитетінің жетекшісі, Саяси Бюро мүшелігіне кандидат Борис Ельцин таласты. Тіпті, бос орынның уәде етілгені де анық. Бірақ Горбачев Александр Николаевич Яковлевті ұсынды. Сонымен қатар, Никитин да кіргізді. Ал, Ельцинді кейінге қалдырды.

Кабинетіне жұлқынып кірген ол Горбачевтің алдына қызметтен кету туралы арызын тастайды.

Михаил Сергеевич:

– Борис Николаевич, алдыда қазан пленумы бар ғой. Мерекелік. Революцияның 70 жылдығы. Мәскеу көсемі сондай жауапты сәттерде Саяси Бюроға кіруі тиіс. Ал мына пленум өткізші. Шалдардан құтылып жатырмыз. Мәскеуді шират және қазанға дайындап.

Горбачев «ішуді доғар» деп бетіне айта алмады. Мәскеу ұйымына ішкіш адам жетекшілік жасайтынын күллі партия біліп алған-ды.

Егер Михаил Сергеевич сол кезде Ельциннің арызын көзінше жырттып, қоқыс салғышқа тастаса, елдің бұ тіндігі сақталар еді.

Горбачев алайда алғашқы қателігін қапыда жіберіп алды. Арызды қабылдап, жұмыс үстелінің тартпасына салғанын көрген Ельцин қазан пленумында бұл арыз жалпыға жария боп, қызметтен тайдырудың амалы қарастырылып қойғанын алдын ала ұқты.

Қазан пленумында Горбачевтің баяндамасынан кейін жарыссызге бірінші болып Мәскеу басшысы шақырылды. Әй-шәйға қарамаған Ельцин қайта кірер есікті «қатты

жапты». Одан кейін сөйлегендер Ельцинді тарпа бас салды. Дәл сол арада Горбачев екінші қателігін жіберді. Ельциннің сөзін кінәлап, жабылудың орнына жұртты баяндаманы талқылауға шақыруы керек еді. Оны тоқтатпады, есесіне ертесі күні етжеңді болып шыққан «Правданың» беттері Ельцинді қатты жазғырған шабуылға толы еді. Ол солай қаһарманға айналып шыға келді. Қайта құру Партия мен Державаның талқандалуымен аяқталды.

Біз Юлиан Семеновпен бірге 1987 жылды тұтас, 1988 жылды жалпы қамтып Қонаевты арашалап қалу үшін күрестік. Оның төңірегіндегі біраз адамды отырғызып та тастады. Енді оның өзіне іс қозғау үшін материалдар жинау басталғанды. «Пара берушілер» сұралып, «халықтың қалауы бойынша бюсті алып тастауға» дайындық жүріп жатты. Ел арасында «Қонаев баяғыдан-ақ астыртын миллионер болатын» деген қауесет таратылды. Тіпті, кейбір сандар – «үш миллион доллар, нан ұрсын!» деген дақпыртпен үстемеленді.

Осындай сөздерді естіген сайын есіме 1984 жыл түсе берді. Қонаев Жапонияға Партия делегациясының жетекшісі ретінде Мәскеуден ұшып шықпақшы. Оған арнайы ұшақ бөлінген, Зухра Шәріпқызын бірге ала жүруге де рұқсат етіледі. Мәскеуде мені Саясибюро мүшесінің көмекшісі Дүйсетай Бекежанов іздеп келді де: «Олжас сен жақында ғана шетелден оралдың ғой, қалтаңда аздаған валюта қалды ма? Бес не он доллар болса да. Апамызға дүкен аралау үшін», – деді.

Қалтамнан бар-жоғы 100 доллар табылды. Зухра Шәріпқызы маған Токиодан сыйлық ретінде – жұбайыма желпуіш әкеліпті. Шамасы өзі үшін алған желпуіштің бірі.

Бір күні, 1988 жылы Юрий Пискуновтың пәтеріне қоңырау соғылды, ұзақ, қалааралық. Юлианның дауысын жазбай таныдым:

– Олжас, жеңіс! Енді бәріне де түкіргенім бар!

– Не дейсің? Есім айтылмасын деп келістік қой.

– Олжас! Бұл мен ғой, Юлиан Семенов, оңбағандар тындаса тыңдай берсін! Димаш Ахметұлына бюстке ешкім тимейді, оған қарсы ешқандай іс қозғалмайды деп айт. Ол бұған дейін болғанындай әрі болатынындай тап-таза! Бұны саған айтып тұрған мен, Юлиан Семенов! Сенде осыны бәрін жеткіз. Тек оңбағандар ғана естімесін!..

Менің ержүрек досым Юлиан осындай еді. Әрбір ауыл тұрғыны «сүйіншісін» қуана күтетін жаңалықтың жаршысы болатын.

Сол тұстағы, 1987-1988 жылдардағы бір жарым жыл Димаш Ахметұлының өміріндегі ең ауыр кезең туыстары мен аздаған достарына да оңай тимеді сол жылдар. Иә, азшылыққа ғана. Геннадий Толмачев естелік кітабын жазуға ұдайы барып, көмектесіп тұратын. Дәрігер – Ахат, аспаз – Саша және ол жайлы кітап жазған Серік жанында жүрді. Жиендері келетін. Сосын күзет қызметінің бұрынғы қызметкерлері.

Бірде, 1987 жылдың басында жолыққанымда кітап сөресін айналшықтап жүр екен. Кітапханасын ретке келтіріп отыр. Кітаптарды қайта реттеп орналастыруда. Еденде бірнеше томдықтар жатыр.

– Кітап көбейіп кетті. Кейбіреуінен, құтылуға тырысудамын.

Мен, бір-екеуім қолыма алдым. Тағы авторлар. Керемет автографтар – «Халықтың әкесіне...», «Ұлы лениншілге...», с.с. Жасыратыны жоқ, олардың

әрқайсысы Қонаевтың қолынан марапат, пәтер, көлік, сыйақы алғандар. Ал сосын зым-зия жоғалғандар. Осы бір жағдайда ол әлдебіреу туралы іші қайнап тұрып: «Опасыз», – деп еді. Мен сонда римдіктердің: «Арсыздар емес, тектілер ғана алғыс айта алады», – деген қанатты сөзін мысалға алдым. Қатысушылар мынандай арнау сөздерді оқуы үшін бұл кітаптардан Жазушылар Одағында көрме ұйымдастыру туралы ұсыныс тастадым. Ол күліп: «Одан не шығады? Олар бәрібір түзелмейді: обал дегенді білмейді ғой олар», – деді. (Бұл оқиға туралы мен осыдан жиырма жыл бұрын өзімнің бір сұхбатымда айтып едім. Жақын арада газеттердің бірінен 1988 жылы Зухра көз жұмған қайғылы оқиғада Н.Назарбаев көңіл айта барғаннан кейін ғана, Қонаевтың пәтерінен көріне бастаған өзге бір «көз көргеннің» аузымен айтылған осы оқиға туралы оқыдым. Тек соңғы уақыттарда ғана, біз бұрынырақта көрме гендер хал-жағдай сұрап келе бастады. Олардың ішін де еденде кітаптары шашылып жатқандары да бар еді).

Димаш Ахметұлы Қонаевтың өмірінің соңғы жылдары Маркестің «Патриархтың күзі» романының тақырыбын еске түсіреді. Орталық газеттердің мен шікті тілшісінің бірімен болған әңгіме есіме түсті. 1986 жылдың күзі. Мен онымен бірге құс фабрикасының жанындағы ауылдағы Д.Ковиньконың үйіне барып келгенбіз. Ешқандай да сарай емес. Қылмысты істе жазылғанында фабриканың ақшасынан тұрғызылған салтанатты монша да жоқ. Жонылған тақтайлардың саңылауы көрініп тұратын қолдан тұрғызылған монша. Мен «Литературная газетаға» жазбаққа бекідім. Журналист мені райымнан қайтарғысы келді: бұл сон шалықты керек іс пе? Болашақ туралы ойланңыз. Қонаев қартайды, бұдан әріге бара алмайды. Ал обком хатшысы жалындап тұр, болашағы бар. Астаналық облыс. Ол бәлкім, патриархтың орнын басар. Саясаткер болсаңызшы.

Жарты жылдан кейін ол: «Көрдіңіз бе, ол екінші хатшы болды. Соның етегінен ұстау керек. Колбин уақытша біреу ғой. Ал сіз кімді қорғаштайсыз? Құсшы мен патриархты. 60 жылдары сіз Қонаев қайта орала алатыны және жеңіспен оралғаны үшін қолдадыңыз. Ал сексенінші жылдардың соңында оның ешқандай да болашағы жоқ кезде оны қолдап-қорғаштаудың қаншалықты қажеті бар? Ол зейнетте ғой, – деді.

Мен оған:

– Әрекетімді түсіндірейін. Жазушы, журналист немесе саясаткер әлдекімді қолдап тұрып (Ковинько немесе Қонаевты) әлденені де қорғайтынына сенімі болуы керек деп есептеймін. Ақиқат болмай-ақ қойсын, әділдік, шындықты, мысал үшін. Облыстық ханға бас имеген адам түрмеде отырмауы, ал ғұмыр бойы халқына адал еңбек етуге тырысқан адамның өмірінің соңғы сәттерінде де кейін де жала жабылмауы, қорланбауы тиіс екеніне мен бек сенемін. Оның үстіне, Қонаев секілді ұлы адам, Қонаев секілді тұлғалар 20 ғасырдың босап қалған кеңістігінде аз сәтке ғана пайда болып, сақталды.

21 ғасырда өзгелер туады және өзінше ұлылар болады. Әрбірін сақтайтын боламыз. Сонда ғана шын мәніндегі ұлттық тарих пайда болады.

Париж қаласы, 5 қаңтар, 2012 жыл
(ғаламтор желісінен алынды)

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ НАҒЫЗ ЖАНАШЫРЫ

«ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ, НҰРЫ ТАСЫСЫН» ДЕЙДІ ҒОЙ ҚАЗАҚТА. БҮГІНГІ ЖАЗБАМЫЗДА ТУҒАН ЕЛІ, ЖЕРІ ҮШІН ЖАН АЯМАЙ ҚЫЗМЕТ ЕТІП, ЕЛДІҢ АЛҒЫСЫНА БӨЛЕНІП ЖҮРГЕН ЖАНГАСКИНОВА ШОЛПАН СЕРІКҚЫЗЫ ЖАЙЛЫ АЙТПАҚШЫМЫЗ.

Шолпан Серікқызы – ұлтжанды тұлға, жарнама саласының кәсіпкері, меценат және Ұлытау облысы Сәтбаев қаласының беделді азаматы. Ол 1981 жылы 21 желтоқсанда Сәтбаев қаласында дүниеге келді. Ұлты – қазақ. Білімі жоғары, екі мамандық бойынша кәсіби білім алған: 2004 жылы Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін «Бейнелеу өнері және сызу мұғалімі» мамандығы бойынша тәмамдаса, 2017 жылы академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде «Құқықтану» мамандығын игерді.

Еңбек жолын 2001 жылы Жезқазған кентіндегі Балалар үйінде бейнелеу өнері бойынша үйірме жетекшісі ретінде бастаған Шолпан Серікқызы әрқашан шығармашылыққа толы, жоғары кәсіби деңгейде жұмыс істейтін маман ретінде танылды. Ол «Жарқын Ко» ЖШС және «Алматы гороформление» мекемелерінің Жезқазған өңірлік филиалында дизайнер болып жұмыс істеді. Полиграфия саласында жинақтаған

тәжірибесі мен білімін пайдалана отырып, 2007 жылы Сәтбаев қаласында өзінің «Даму» дизайн-студиясын ашты.

Бүгінде Шолпан ханым – кәсіпкерлікте табысты басшы, сонымен бірге қоғамға пайдалы істерімен танымал тұлға. Ол Сәтбаев қалалық мәслихатының экономикалық реформа, бюджет, коммуналдық шаруашылық және кәсіпкерлікті қолдау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия мүшесі ретінде қаланың дамуына атсалысып келеді.

Кәсіпкер Шолпан Серікқызы мемлекеттік тілдің қоғамдағы мәртебесін көтеру мен оны кеңінен насихаттауға зор үлес қосуда. Ол тіл жанашыры ретінде танылып, қазақ тілін күнделікті өмірде және бизнес саласында қолдануға шақырады. Оның компаниясында мемлекеттік тілге басымдық беріліп, ішкі құжаттама мен ресми байланыс тек қазақ тілінде жүргізіледі. Осы салада жүріп өзге ұлт өкілдеріне қаланың көрнекілік ақпараттарының, жарнама эскиздерінің қазақ тілінде жазылу керектігін ескертіп, оның аударылуына да өздері көмектесіп отырады.



2020 жылы Қарағанды облысы әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығының «Мемлекеттік тіл - бизнесте» номинациясымен, 2023 жылы Ұлытау облысы әкімінің «Тіл майталманы» сыйлығымен марапатталды. Бұл марапаттар оның тілге деген адалдығын және үлгі боларлық еңбегін айқындайды.

Шолпан Серікқызы қайырымдылық шараларына белсенді қатысып, аз қамтылған, көпбалалы отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған жанұяларға үнемі көмек көрсетеді. Сонымен қатар жалғызбасты зейнеткерлерге қамқорлық танытады.

Оның меценаттық қызметі жоғары деңгейде бағаланып, Сәтбаев қаласының «Жомарт жүрек» сыйлығының «Үздік ұйым» номинациясы және Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жангаскинова Шолпан Серікқызы – мемлекеттік тілдің шынайы жанашыры, қоғамның белсенді мүшесі және аймақтың дамуына елеулі үлес қосқан кәсіпкер. Оның еңбегі мен патриотизмі көптеген азаматтарға үлгі болып, елдің дамуы мен өркендеуіне қызмет етеді. Біз де жерлесіміз мақтан тұтамыз және атқарған елеулі еңбектеріне зор алғысымызды білдіреміз.

Ай НҰР

ҚАЛАЛЫҚ АРХИВТЕ – ЖАҢА БАСШЫ

Ұлытау облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының бұйрығымен Сәтбаев қаласының мемлекеттік архивінің басшысы болып Аян Әшімұлы ЖЫҢҒЫЛБАЕВ тағайындалды.



Аян Әшімұлы 1987 жылы Ұлытау ауданында дүниеге келген. 2004-2008 жылдары Өмірхан Байқоңыров атындағы Жезқазған Университетінің тарих мамандығын, 2012-2014 жылдары Қарағанды экономикалық университетінің экономика мамандығын алған.

Еңбек жолын 2011 жылы Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде әлеуметтік қызмет бойынша кеңесшісі қызметінен бастаған.

2014-2015 жылдары Жезқазған аймақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директор орынбасары;

2015 жылдан бастап тағайындауға дейін Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің Жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге, үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімінің басшысы болған.

Ұжымға жаңа басшыны облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Мағжан Табылдин (сол жақта) таныстырды.

Аян Әшімұлына жаңа қызметінде сәттілік пен абырой тілейміз!

БАС БАЛУАН АТАНДЫ

